

Ақтөбе қаласы әкімдігінің "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы № 1019 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 5058 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 25 қаңтарда № 4705 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 қаңтардағы № 72-V "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкес, Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 4 мамырдағы № 1019 "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-1-109 болып тіркелген, 2009 жылғы 21 мамырда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А.Арынғазиеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы оны алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі	Б.Сағын
------------	---------

	Қала әкімдігінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 5058 қаулысына қосымша
	Қала әкімдігінің 2009 жылғы 4 мамырдағы № 1019 қаулысына қосымша

Ақтөбе қаласы бойынша үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар

Округ №	Үгіттік баспа материалдары орналастырылатын орын	Атауы	Саны
1.	Кобозев көшесі, 12 үй, мекен-жайы бойынша орналасқан "Ақтөбе қаласының белгілі тұрағы жоқ тұлғаларды және қылмыстық жазасын өтеген тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты жаңында.	қалқан-стенд	1
2.	Ломоносов көшесі, 26 үй, мекен-жайы бойынша орналасқан "Уакыт и К" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің "Мебельный" дүкені жаңында.	қалқан-стенд, тумба	1 1
3.	Шернияз және Некрасов көшелерінің бұрышында орналасқан "Инмед" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің "Дантист" тіс емдеу клиникасы жаңында.	тумба	1
	Шернияз көшесі, 72 үй, мекен-жайы бойынша орналасқан "А.С.Пушкин атындағы қалалық саябақ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жаңында.	тумба	1

4.	Мирзоян көшесі, 6 мекен-жайында "№ 13 орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимараты жаңында.	қалқан-стенд	1
5.	Оренбургская көшесі, 14 үй, мекен-жайы бойынша орналасқан "Тарасов С.А." жеке кәсіпкерлігінің "Карета" техникалық қызмет көрсету сервисі жаңында.	қалқан-стенд	1
6.	Арынов көшесі, 1 үй, мекен-жайы бойынша орналасқан "Ақтөбе қаржы-экономикалық колледжі" жеке меншік мекемесінің ғимаратының жаңында.	қалқан-стенд	1
7.	А.Иманов және 1905 көшелерінің бұрышында.	қалқан-стенд	1
8.	11 шағын аудан, 47 үй, мекен-жайында орналасқан "Анвар" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің "Анвар" супермаркеті жаңында.	қалқан-стенд, тумба	1 1
9.	12 шағын аудан, "№ 51 гимназия" мемлекеттік мекемесінің ғимараты жаңында.	қалқан-стенд	1
10.	Рысқұлов көшесі мен Мир даңғылының бұрышында.	қалқан-стенд	1
11.	Мир даңғылы, 17 үй, мекен-жайы бойынша орналасқан "Ақтөбе облыстық "Алақай" қуыршақ театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны жаңында.	қалқан-стенд	1
12.	Әбілқайыр хан даңғылы, 8 үй, мекен-жайы бойынша орналасқан "Сбербанк" акционерлік қоғамдастығы филиалының жаңында.	қалқан-стенд	1
13.	Есет батыр көшесі, 69 үй, мекен-жайы бойынша орналасқан "Акватория Ақтобе" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Акватория" дүкені жаңында.	қалқан-стенд	1
	Есет батыр көшесі, 73 үй, мекен-жайы бойынша орналасқан "Ақтөбе гуманитарлық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны жаңында.	тумба	1
14.	Әбілқайыр хан даңғылы, 34 үй, мекен-жайы бойынша орналасқан "Лучшее решение" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің "Дина" супермаркеті жаңында.	қалқан-стенд, тумба	1 2
15.	Есет батыр көшесі, 109 үй, мекен-жайы бойынша орналасқан "Анвар" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Анвар" супермаркетінің жаңында.	қалқан-стенд	1
16.	Ағайынды Жұбановтар көшесі, 267 үй, мекен-жайында орналасқан "Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жаңында	қалқан-стенд	1
17.	Пацаев көшесі мен Сәңкібай батыр даңғылының бұрышы.	қалқан-	1

		стенд	
18.	Ә.Молдағұлова даңғылы, 17 үй, мекен-жайы бойынша орналасқан "ДСК сауда үйі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғимараты жаңында.	қалқан-стенд	1
19.	101 атқыштар бригадасы көшесі, 5 үй, мекен-жайында орналасқан "№ 17 орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимараты жаңында.	қалқан-стенд	1
20.	Ағайынды Жұбановтар көшесі, 302 үй, мекен-жайы бойынша орналасқан "Лучшее решение" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің "Дина" супермаркеті жаңында.	қалқан-стенд	1
21.	1) Кірпішті кенті, Кирпичная көшесі, 5 үй, мекен-жайы бойынша орналасқан "№ 5 қалалық емханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының отбасылық амбулаториясы жаңында. 2) Құрайлы ауылы – "Құрайлы ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің ғимаратының жаңында; 3) Новый ауылы – "Новый ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің ғимаратының жаңында.	қалқан-стенд	3
22.	Кеңес Нокин ауылы – "Благодар ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің ғимаратының жаңында.	қалқан-стенд	1
23.	Қарғалы ауылы, Сәтбаев көшесі, 42 үй, мекен-жайында орналасқан "Грейс" кафесі жаңында.	қалқан-стенд	1
	Барлығы:		31